



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

[sequence=1](#) Дата обращения (23.03.2017 г.)

13. Акорда. (2013). Государственная программа развития образования в Республике Казахстан. www.akorda.kz/upload/ГППО_p.doc Дата обращения (24.03.2017 г.)

14. Государственная программа «Информационный Казахстан – 2020» https://egov.kz/cms/ru/articles/communications/gp_inf_kaz_2020 Дата обращения (24.03.2017 г.)

ӘОЖ 004.4

САБАҚ КЕСТЕСІН ҚҰРУҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫ ЖОБАЛАУ

Елубаева Гүлмария Сүйинишқызы

gulmariya.s@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Информатика кафедрасының 4 курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Б. Ахаева

Қазіргі уақытта жұмысымыздың барлығы дерлік компьютер және ғаламтор арқылы өтеді, өйткені ол ыңғайлы ғана болып қоймай, сондай-ақ жылдам. Бұл орайда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Дәрігерлер емдеуі тиіс, ал оқытушылар – тәлім беруі тиіс» деген сөзін тілге тиек етуге болады. Ал білім саласында қазіргі күнге дейін оқытушылар өздерінің көптеген уақыттарын кестені қолмен құрастыруға сарыптайды. Ал бұл оңай процесс емес екені бәрімізге мәлім[1].

Орта мектептерінде (жоғары оқу орындарында) сабақ кестесі қатысушылардың (әдетте мектеп сыныптары түрінде (оқу топтары)), мұғалімдердің (оқытушылардың), сабақтардың (оқу пәндерінің) және дәріс өту үшін бекітілген орындардың – сыныптардың (аудиториялардың) мәліметтерінің бірыңғай өзара байланысқан жүйесі ретінде қызмет атқарады.

Сабақ кестесін оңтайландыру оқу процессін оңтайландыруға қабілетті негізгі фактордардың бірі болып табылады.

Оқу мекемесінде сабақ кестесі оқу-тәрбиелік жұмыстарын ұйымдастырудағы ең маңызды әрі нәтижелі түрі болып, оқушылық және оқытушылық ұжымдардың, әкімшіліктің және бүкіл мектептің жұмысын анықтайтын негізгі ұйымдастырушылық құжат болып табылады.

Кестенің рационалдылығы жалпы дидактикалық, әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, санитарлы-гигиеналық, медициналық және тағы да басқа бірқатар жағдайларға байланысты [2].

Белгілі дәрежеде сабақ кестесі оқу мекемесінің жұмыс қарқынын анықтайды, педагогикалық және оқушылық ұжымдардың қызметі үшін оптималды жағдай туғызады. Ол күн, апта, жалпы оқу жыл бойы дәрістердің ретін бекітеді, қатысушылардың үй жұмысын орындауының сипатын және ұзақтығын, сондай-ақ мұғалімдердің сабаққа дайындалу еңбегін де анықтайды. Оның негізінде кітапхана, мұғалімдердің және оқушылардың кезекшіліктері, ата-аналар жиналыстары, сабақтан және оқудан тыс жұмыстар, оқушылық қоғамдық ұйымдардың қызметі және т.с.с. жұмыстар ұйымдастырылады [3].

Рационалды түрде құрастырылған сабақ кестесі оқу – тәрбиелік процесстің тиімділігіне, қатысушылардың шамадан тыс шаршауын төмендеуіне және жойылуына, үйренушілердің және оқытушылардың жұмыс қабілетінің көтерілуіне, кабинеттердің, шеберханалардың және мектептің басқа да оқу бөлмелерінің пайдаланылуының оңтайлануына ықпал етеді. Педагогикалық ұжымның сабақтық және сабақтан тыс қызметінің тығыз байланысуына, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстардың ұйымдастырылуына септігін тигізеді, білім мекемесінің әр қилы жұмысының барлық түрлеріне жоспарлық бастау береді.

Кестеде келесідей мәліметтер болады:

1. Оқытушылар (мұғалімдер)
2. Кабинеттер (аудиториялар)
3. Сыныптар (топтар)
4. Сабақтар (дәрістер)
5. Ауысым уақыттары

Сабақ кестесін құрастыруға қойылатын негізгі талаптар:

Сабақ кестесі мектептегі жасалынған оқу жоспарының негізінде құрастырылады. Ол оқушылар мен педагогтардың уақытын рационалды түрде бөлістіруге, олардың жүктемелерін өтеуіне және оқу процессінің қатысушыларының жақсы көңіл-күйін сақтауға ықпал етеді [4].

Қатысушылардың жұмыс қабілеті күн және апта бойы өзгеріссіз қалатыны белгілі. Оның ішінде атап өтетініміз ол олардың жас ерекшеліктеріне байланысты. «Кесте» бағдарламасын жасап шығару барысында Г.Н.Сердюкова және С.М.Громбах жетекшілігінің астында жарыққа шыққан «Заманауи мектептердегі қатысушылардың үйренуінің гигиеналық бағасы» атты кітаптан алынған мәліметтерге сүйендік, онда жұмыс қабілетінің өзгерістері келтірілген.

Кесте дайындаудың алгоритмі. Кесте құрастыру жұмысы барысында әрбір жеке сұрақтың шешімін оқу-тәрбиелік процессті ұйымдастырудың мақсаттылығы жағынан қарастыру қажет. Мұғалімдердің сабақ кестесін құрау бойынша айтқан тілектері мен ұсыныстарын да осы санат тұсынан қарастыру қажет. Ақыр аяғында, әрбір кесте құрастырушы сабақ кестесі қатысушылардың үйренуінің жағдайын оңтайландыруға мақсатталғанын, оқушы мен оқытушы үшін қолайлы жағдай туғызуды және білім мекемесінің орташа жұмыс тәртібінің ұйымдастырылу талаптарынан келіп шығып құрастырылатынын есте сақтауы қажет [5].

Кесте құрастыру үшін әр түрлі макеттер ұсынылуда: магниттік негізде, фишкалық және т.б. Қазіргі уақытта компьютердің көмегімен орындауға болатын сабақ кестесін құрастыратын әр түрлі бағдарламалық құрылғылар пайда болуда, мысалы «JQuery» (кесте құрастырудың интерактивті автоматтандырылған ортасы 1-сурет).

Бірақ қиыншылықтар әлі де бар: макеттер алуан және пайдалануға қолайсыз, тиімсіз және ұзақ уақыт алатын, ыңғайсыз болып табылатын қарапайым ауыстыру әдісіне негізделген; бағдарламалар жетілмеген, олар кестеге қойылатын талаптардың барлығын кешенін қамтуға дәрменсіз және осы оқу мекемесінің ерекшеліктерін ескермейді, алайда мектеп кестесін құрастыру үшін ақпараттық технологиялар мен компьютерлік технологияларды қолдану қиындықтар шкаласын қолданудың мүмкіндіктерін, денсаулық үнемдеу принциптерін әкімшіліктің және мектептің педагогикалық ұжымының мүмкіндіктерімен байланыстыра айтарлықтай кеңейтеді.

Бұл бағдарламаның оқытушыларды пәндері бойынша сұрыптау мүмкіндігі бар. Бұл мәліметтер базасы әрі қарай қолдану үшін білім мекемесінің барлық талаптарына сәйкес жасап шығарылған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ACCESS 2000: Қосымшаларды жасап шығару. И. Харитонов, В. Михеева. BHV, 2000.
2. КрѐнкеД.Мәліметтер базасын құраудың теориясы мен практикасы, 8-шібасылым. СПб: «Питер», 2003.
3. <http://www.km.ru/referats/4308D99462994E38A930FA3BE1DBBED3>
4. <http://refleader.ru/bewpolaty.html>
5. <http://nsportal.ru/shkola/administirovanie-shkoly/library/2015/03/19/raspisanie-urokov-kak-faktor-effektivnoy>

ӘОЖ 37. 016. 02:004 (574)

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҚҰРАЛДАРЫН ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУҒА ПАЙДАЛАНУ

**Ермекова Набира Сағидуллақызы¹, Байғожанова Мөлдір Әлібиқызы²,
Мағзұм Жамалтай³**

nabira.ermekova@mail.ru

1 - І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Информатика кафедрасының аға оқытушысы, Талдықорған, Қазақстан

2 - Қазақ ұлттық өнер университетінің колледжі, сәндік қолданбалы өнер және қолөнер кафедрасының оқытушысы, 3 - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Информатика кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Байғожанова Дәметкен Сағидуллақызы

Информатикадан сыныптан тыс жұмыстарды жаңа ақпараттық технология құралдарын пайдалана отырып «Қашықтан оқыту» үрдісін пайдалануға болады. Мұнда компьютерлік техника мен телекоммуникациялық желілерді қолдану барысында ұйымдастырылады. Телекоммуникациялық желілер мұғалім мен үйренуші арасында қашықтық мәселесін шешеді және жедел байланысты ұйымдасстырады. Қазіргі ақпараттық технология құралдары материалдарды әр түрлі формада (графика, дыбыс, анимация, видео) пайдалануға мүмкіндік береді. Компьютерлік үйрету және бақылау программаларды тыңдаушыға, бір жағынан, оқу матерималын жедел меңгеруге көмектессе, ал екінші жағынан, оқу материалдарын қандай деңгейде жедел меңгергенін бақылауға көмектеседі.

Оқыту процесін қашықтық режимінде ұйымдастыру барысында барлық ақпараттық қызмет типтері пайдаланылады:

- *электрондық пошта, телеконференция;*
- *мәліметтерді жіберу;*
- *гипермәтіндік орта;*
- *интернет желісінің әлемдік ресурстары ;*
- *видеоконференциялар.*

Аталған типтердің көмегімен тыңдаушы мен мұғалім арасында оқыту мен дидактикалық міндеттер шешіледі. Бұл құралдар WWW-сервер арқылы хаттар мен файлдарды жіберу мен телеконференция типі түрлі талқылауларды жүзеге асырады.

Электрондық пошта көмегімен мұғалім мен тыңдаушы арасында оқу материалдарын жіберу мен мұғалімге өздеріне түсініксіз блған материалдар бойынша сұрақтар жіберуіне мүмкіндік алады. Бір жағынан, ол мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Бұл жағдайда, мұғалімнің жұмысы материалдар мен тыңдаушылардың сұрақтарына жауап жіберу қызметтерін атқарумен шектеледі.

Телеконференция оқу тақырыптары бойынша үйренушілер арасында жалпы